

Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысының ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысының Хаттамасы 2002 жылғы 7 тамыз N 01-10.9

Н.Ә.Назарбаев төрағалық етті

Қатысқандар:

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

И.Н.Тасмағамбетов

Қазақстан Республикасы

Президенті Әкімшілігінің Басшысы

Н.Ә.Әбіқаев

Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің Төрағасы

Г.А.Марченко

Үкімет мүшелері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, Үкімет құрамына кірмейтін мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Премьер-Министр Кеңсесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, ұлттық компаниялардың, банктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының президенттері мен басшылары (тізім бойынша).

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы I жартыжылдықтағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары жөніндегі есебі.

2. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуының 2002 жылғы I жартыжылдықтағы қорытындылары туралы.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы I жартыжылдықтағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары жөніндегі есебі _____

(Назарбаев, Тасмағамбетов, Кәкімжанов, Школьник, Үмбетов,

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Премьер-Министрі И.Н.Тасмағамбетовтің Қазақстан Республикасының 2002 жылғы I жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы баяндамасы назарға алынсын.

Ел соңғы үш жыл ішінде өзінің экономикалық қуатын үштен бірінен асыра отырып, нығайтқаны атап көрсетілсін.

Сонымен қатар 2002 жылдың екінші тоқсанында бірінші тоқсанмен салыстырғанда әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің өсуі төмендеген. Шағын және орта бизнесті, тұрғын үй құрылысын дамытуға жеткілікті назар аударылмайды, автожолдарды салу кестеден кешеуілдеуде, әлеуметтік қорғау жүйесінде реформалар аяқталмаған, айқын индустриалдық саясат жоқ, бағалы қағаздардың қайталама нарығы әлсіз дамыған, аймақтарда базардағы бағаның өсуіне тиісті бақылау жасалмайды.

Қазақстанның экономикалық дамуының басты мақсаты - жалпы ішкі өнімнің барынша жоғарғы қарқынмен өсуіне қол жеткізу.

2. Үкімет:

1) үш ай мерзімде өнім берушілерге қойылатын талаптарды және олардың беретін тауарларының, орындайтын жұмыстары мен көрсететін қызметтерінің тиісті сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілігін арттыруға бағытталған мемлекеттік сатып алу жөніндегі қажетті нормативтік базаны жасасын;

2) бір ай мерзімде Жер кодексінің жобасына барлық мүдделі мемлекеттік органдармен кешенді сараптама жүргізіп, Үкіметте арнайы қарап, елдің Ұлттық кеңесінде талқыласын;

3) ағымдағы жылғы 15 қыркүйекке дейін бұрын қабылданып, қаржымен қамтамасыз етілмеген мемлекеттік бағдарламалардың күшін жою жөнінде ұсыныстар енгізісін;

4) ағымдағы жылдың соңына дейін Салық кодексінің: арнаулы салық режимдеріндегі шағын бизнес субъектілеріне қатысты қолданылатын ставканы төмендете отырып, кәсіпкерлер үшін арнаулы салық режимдерін қолдану саласын кеңейту;

қаржы лизингіне берілген мүлік үшін лизинг төлемдерін өтеу ретіне қарай ҚҚС-на (қосылған құн салығы) тең мөлшерде төлем жүргізуге мүмкіндік беретін норманы бекіте отырып, лизингке салық салу жүйесін жетілдіру;

Қазақстан Республикасының Салық К010209_ кодексі мен Қазақстан Республикасының "Жер туралы" Z010152_ Заңының арасындағы әркелкілікті болдырмай, ауыл шаруашылығына арналған жерге салық салу;

бұрынғы КСРО-да шығарылған жеңіл автокөлік құралдарының ескірген модельдеріне салынатын салық ставкаларын төмендету;

қайта қаржыландыру ставкасын тиісінше 1,5 еседен 2 есеге дейін көбейтіп, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді уақтылы төлемегені үшін өсімақы мөлшерін бір мезгілде ұлғайта отырып, теңгемен берілген кредиттер бойынша сыйақыларға жатқызылған шегерімдердің шекті мөлшерін ұлғайту бөлігінде тиісті өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеп енгізсін;

5) бір ай мерзімде шағын және орта бизнесті дамытуда әкімшілік кедергілерді азайту жөнінде ұсыныстар енгізіп, оларды жаңа Кеден кодексін пысықтау кезінде ескерсін;

6) "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заңның қабылдануын қамтамасыз етіп, оны міндетті медициналық сақтандыру жүйесімен қатар 2005 жылдан бастап күшіне енгізуді көздей отырып, әлеуметтік қорғау жүйесінің реформасын жалғастырсын;

7) мыналардың:

2002 жылдың соңына дейін маусымдық жұмыстарға тартылған жұмыскерлердің еңбегін нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

шекаралас елдермен еңбек көші-қоны ағынын реттеу туралы екі жақты және кеп жақты келісімдер жасасу негізінде толыққанды еңбек нарығын қалыптастыру онтүстіктен келетін көші-қон процестерін реттеу мен маусымдық жұмыскерлердің құқықтарын жолға қою, сондай-ақ жасы ұлғайған адамдарды еңбекпен қамтудың икемді жүйесін ұйымдастыру жөнінде шаралар қолдансын;

8) халықты әлеуметтік қорғау мақсатында:

2003 жылғы бірінші қаңтардан бастап зейнетақы мөлшерін 12 процентке ұлғайтсын;

салымдарға өтемақы бойынша ішкі қарызды мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарға бір мезгілде қайта ресімдеуді қамтамасыз ете отырып, бұрынғы КСРО Жинақ банкінде сақталған халықтың салымдарына өтемақы төлеуді жүргізсін.

Өтемақы төлеуді 2003 жылы:

1936-1940 жылдарда туған азаматтардың санаты үшін айналыс мерзімі 12 айға арналған;

1941-1960 жылдарда туған азаматтардың санаты үшін айналыс мерзімі 24 айға арналған;

1961-1991 жылдарда туған азаматтар үшін айналыс мерзімі 36 айға арналған мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару арқылы үш кезеңде жүзеге асырсын.

Бұл ретте өтемақы төлеуді оны жүргізу сәтіне Қазақстан Республикасының аумағында және одан сырт жерлерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті құжаттармен растағанда, олардың мұраға қалған салымдарын ескере отырып жүргізсін.

9) Мыналарды:

Астана қаласында, әсіресе сол жақ жағалаудағы жоспарланған құрылыс

объектілерін қажетті қаржыландыруды;

облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің инвестициялық қызметіне бақылау жасауды;

ауылды қолдау жөніндегі бағдарламаның орындалуын және 2003 жылдан бастап оны дамытуға қосымша бюджет қаражатын бағыттауды қамтамасыз етсін.

3. Үкімет пен Ұлттық Банк:

тұрғын үй құрылысының толыққанды жүйесін:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне тұрғын үй құрылысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеуді және Парламентке енгізуді жеделдету;

2002 жылға арналған Заң жобалары жұмыстарының жоспарында белгіленген мерзімде "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық кредит беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу;

құрылыс жинақ банктерін құру мүмкіндігімен құрылыс жинақ жүйесін іске қосу жөніндегі және/немесе халықтың табысы төмен жіктеріне ипотекалық кредит беруді субсидиялау, сондай-ақ ипотекалық кредиттерді сақтандыру компаниясын және/немесе кепілдік қорын құру жөніндегі мәселелерді пысықтау негізінде одан әрі дамыту шараларын қолдансын.

4. Үкімет, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері:

1) реформаларды жүргізудің негізгі салмағын облыстық және аудандық деңгейге ауыстыруды жүзеге асырсын;

2) отандық өнім өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда үйлестірушілік және бақылаушылық рөлді қамтамасыз етсін. Мемлекет басшысына тоқсан сайын баяндайтын болсын;

3) білім, денсаулық сақтау (туберкулез және босанатындарға көмек) қажеттіліктеріне, Даму Банкі арқылы инфрақұрылым объектілерін қаржыландыруға бюджетті басым ретпен пайдалансын.

5. Көлік және коммуникация министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесе отырып "Астана халықаралық әуежайы" РМК мен Siemens/Marubeni/Laing/Alarco консорциумы арасындағы 2002 жылғы 15 сәуірде қол қойылған келісімшартқа сәйкес Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңғырту жобасын уақтылы іске асыруды қамтамасыз етсін.

6. Көлік және коммуникация министрлігі:

1) бір ай мерзімде көлік саласындағы нақты ахуал мен оны әрі қарай дамыту шаралары туралы Мемлекет басшысына баяндасын;

2) Қостанай және Ақтөбе облыстарының әкімдерімен бірлесе отырып "Хромтау-Алтынсарин" темір жол желісінің құрылысын жеделдету жөнінде шаралар қолдансын.

7. Экономика және сауда министрлігі:

1) жобалау-сметалық құжаттамасыз инвестициялық жобаларды қаржыландыруды бюджетке енгізуге және олардың құнын асырып көрсетуге жол бермеуге, сондай-ақ инвестициялық заңнаманы жетілдіруге бағытталған шаралар қолдансын;

2) ағымдағы жылғы 20 қыркүйекке дейін Мемлекет басшысына ДСҰ-ға кірудің Қазақстан экономикасының түрлі салаларында туындатуы мүмкін салдарлары туралы баяндасын.

8. Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің жұмысын жандандырсын және ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін Астана қаласында Қазақстан кәсіпкерлерінің форумын өткізсін.

9. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бір ай мерзімде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып: тауар базарларында тәртіп орнатсын және шынайы бәсекелестікті қалыптастырсын; ауылдағы тауар өндірушілердің өнімдеріне қол жеткізетін мүмкіндіктерді кеңейтуді қамтамасыз етсін;

жеміс-көкөніс өнімдерінің және өзге де азық-түлік тауарларының бөлшек сауда бағасын төмендетуге бағытталған кідіріссіз шаралар қолданатын болсын.

Нәтижелері туралы Президент Әкімшілігіне ағымдағы жылдың 1 қазанына баяндасын;

2) мыналарға:

базарлардағы негізгі азық-түлік бағалары туралы ай сайын баяндалып, сауда-саттық базарларындағы бағаның нақты қалыптасуы мен өсуіне;

автомобиль жолдарын, тұрғын үйді жөндеу мен салуға;

шағын және орта бизнесті, адал бәсекелестікті дамытуға;

импорт алмастыру мен сервис қызметін қамтамасыз етуге қатаң бақылау қойсын;

3) аймақтардағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға тұрақты негізде нақты көмек көрсетсін;

4) Қазақстан Республикасы заңдарының және Мемлекет басшысы мен Үкімет қабылдаған шешімдердің аймақтарда орындалуын тұрақты негізде қамтамасыз етсін;

5) кәсіпорындарды нақты сектор мониторингі жүйесіне тартуда Ұлттық Банкке жәрдем көрсетсін;

6) бір ай мерзімде ірі кәсіпорындардың ауылдарды қамқорлыққа (шефтікке) алу практикасын жандандыру, білікті мұғалімдер мен дәрігерлердің ауылдық жерге қоныс аударуын ынталандыру жөнінде ұсыныстар енгізсін.

10. Ақмола, Жамбыл, Павлодар және Ақтөбе облыстарының әкімдері ағымдағы жылғы 10 қарашаға дейін Даму Банкінің жарғылық капиталына заңнамада көзделген үлестік қаражатты енгізсін.

11. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" шетелдік инвестицияларды игеруге

отандық компанияларды тарту мақсатында теңіздегі мұнай және газ жобаларының алғашқы дизайнында өзінің міндетті қатысуын Үкіметтің жәрдемімен қамтамасыз етсін

12. Президент Әкімшілігінің Бас бақылау инспекциясы:

1) 1 қазанға дейін Мемлекет басшысына Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы көптеген тексерулер практикасы мен қолданылған шаралар туралы баяндасын;

2) ағымдағы жылғы 10 қазанға дейін Мемлекет басшысына азаматтық авиацияда және автожолдарды салу мен жаңартуда ахуалды жақсарту жөніндегі істің жайы мен қолданылған шаралар туралы баяндама дайындасын.

2. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуының 2002 жылғы

I жартыжылдықтағы қорытындылары туралы _____

(Назарбаев, Павлов)

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі А.С.Павловтың мемлекеттік бюджеттің атқарылуының 2002 жылғы I жартыжылдықтағы қорытындылары туралы баяндамасы назарға алынсын.

2. Үкімет:

1) ағымдағы жылғы бюджетте инвестициялық жобаларды, соның ішінде Астана қаласында жоспарланған объектілер құрылысын іске қосуға көзделген қаражатты уақтылы және толығымен игеру жөнінде шаралар қолдансын;

2) әкімшілік шығыстарды қысқарту (семинарлар мен конференциялар өткізуге, қымбат тұратын автомобильдерге және жиһаздарды жаңартуға жұмсалатын шығыстары, іссапар шығыстарын оңтайландыруы есебінен) жөнінде ұсыныс енгізісін;

3) ағымдағы жылы мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың штат санын көбейту жөнінде мәселені қарамасын;

4) барлық ұлттық компаниялардың кірістері мен шығыстарына бақылау жасап, бекітіп отырсын;

5) Ұлттық қордан қаражат пайдалануға қатаң бақылау жасасын.

Алдағы кезде қаражатты Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі бойынша ғана пайдалансын және қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізісін;

6) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына бұрын енгізілген заң жобаларын қарауды және қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Кеден К010209_ кодексінің, Z980281_ "Акционерлік қоғамдар туралы", "Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Z020278_ және "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарының жобаларын талқылау кезінде Парламент жұмысына қатысуын жандандырсын;

7) Ұлттық Банкпен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне "Микрокредиттік ұйымдар туралы", "Автокөлік құралдары иелердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заң жобаларын енгізуді жеделдетсін.

3. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері Экономика және сауда министрлігіне тоқсан сайын жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың тізбесін табыс етіп, аталған министрлікті тізбеге енгізілген өзгерістер және жобаларды іске асыру барысы туралы хабардар ететін болсын.

Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесе отырып бір ай мерзімде осы хаттаманың орындалуы жөніндегі шараларды мерзімдері мен жауапты атқарушыларын көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

Осы хаттаманың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жұманазарова А.Б.